

Дене шынықтыру және спорт туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 2 желтоқсандағы N 490 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі № 228-V Заңымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР 03.07.2014 № 228-V Заңымен (оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

МАЗМҰНЫ

Осы Заң дене шынықтыру және спорт саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейді, бұқаралық дене шынықтыру, әуесқойлық және кәсіпқойлық спорт қызметін қамтамасыз етудің және оларды дамытудың құқықтық, ұйымдық, экономикалық және әлеуметтік негіздерін белгілейді.

1-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

- 1) Арнайы олимпиада - мүгедектер мен ақыл-есінің мүмкіндігі шектеулі адамдар қатарындағы спортшылар арасында өткізілетін халықаралық қысқы және ж а з ғ ы ж а р ы с т а р ;
- 2) әуесқойлық спорт - азаматтардың дене тәрбиесінің жалпы жүйесіндегі өзінің спорт шеберлігін жетілдіруге және спорттың әр түрінде жоғары нәтижелерге жетуге мүмкіндік беретін сан қырлы бұқаралық спорт қозғалысы;
- 3) бас жаттықтырушы - Қазақстан Республикасының ұлттық құрама командасына басшылық жасауға, спорт түрі бойынша әлем чемпионаттарында, Азия және Олимпиада ойындарында және басқа да халықаралық жарыстарда оның даярлығына, қалыптасуы мен сайысқа түсуіне жауап беретін ж а т т ы қ т ы р у ш ы ;
- 4) бұқаралық спорт - дене жаттығуларымен айналысуға тарту және спорттың әр түріндегі талантты спортшыларды анықтау мақсатында халық арасында дене шынықтыруды дамытуға ықпал ететін бұқаралық спорт қозғалысын білдіретін дене шынықтырудың бір бөлігі;
- 5) бұқаралық спорт іс-шараларының күнтізбесі - дене шынықтыру-спорт ұйымдарының оқу-жаттығу жұмысын күнтізбелік жылға жоспарлауы мен өткізуін регламенттейтін ресми құжат;

6) дәрігерлік-дене шынықтыру диспансері - дене шынықтырумен және спортпен айналысатын адамдарды медициналық қамтамасыз етуге, дәрігерлік бақылауға, емдік дене шынықтыруға және оңалтуға арналған медициналық ұйым ;

7) дене тәрбиесі - дені сау, дене бітімі және рухани жағынан жетілген, моральдық жағынан табанды жеткіншек ұрпақты қалыптастыруға, адамның денсаулығын нығайтуға, жұмыс қабілетін арттыруға, шығармашылық ғұмырлылығы мен өмірін ұзартуға бағытталған педагогикалық процесс;

8) дене тәрбиесінің құралдары - дене шынықтыру жаттығулары, табиғаттың сауықтыру күштері және гигиеналық факторлар;

9) дене шынықтыру - мәдениеттің ажырамас бөлігі, адамның дене бітімін дамыту, оның денсаулығын нығайту мақсатында қоғам жасайтын және пайдаланатын, адамның үйлесімді дамуына ықпал ететін рухани және материалдық құндылықтар жиынтығы болып табылатын әлеуметтік қызмет
с а л а с ы ;

10) дене шынықтыру (дене шынықтыру-спорт) қозғалысы - халықтың дене шынықтыру деңгейін арттыруға, жеке және заңды тұлғалардың дене шынықтыру мен спортты дамыту жөніндегі нысаналы қызметіне жәрдемдесетін әлеуметтік
қ о з ғ а л ы с н ы с а н ы ;

10-1) дене шынықтыру және спорт жөніндегі әдіскер (бұдан әрі – әдіскер) - спорт ұйымдарында және дене шынықтыру-сауықтыру мен спорт қызметі жүзеге асырылатын ұйымдарда оқу-жаттығу процесін әдістемелік қамтамасыз етуді және оған басшылықты, дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық іс-шараларды өткізуді жүзеге асыратын жеке тұлға;

11) дене шынықтыру және спорт жөніндегі уәкілетті орган - дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік реттеуді жүзеге асыратын орталық
а т қ а р у ш ы о р г а н ;

12) дене шынықтыру және спорт жүйесі - халықтың дене тәрбиесі мен спортты дамыту мақсатындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік мекемелердің және өзге де заңды тұлғалардың жиынтығы;

13) дене шынықтыру және спорт саласындағы аккредиттеу - дене шынықтыру және спорт жөніндегі уәкілетті органның спорт түрі бойынша республикалық қоғамдық бірлестіктің тиісті халықаралық ұйымдарда Қазақстан Республикасын білдіретін құқықтық өкілеттігін ресми тануы;

14) дене шынықтыру-сауықтыру, спорт және спорттық-техникалық ғимараттары - азаматтардың дене шынықтыру жаттығуларымен, спортпен айналысуына және спорттық ойын-сауық іс-шараларын өткізуге арналған
о б ь е к т і л е р ;

15) дене шынықтыру-спорт қоғамы (спорт клубы) - қызметі азаматтардың

дене шынықтыру және спорт құралдарымен сауығуына бағытталған дене шынықтыру-спорт ұйымының құрамдас бөлігі;

16) дене шынықтыру-спорт ұйымы - дене шынықтыру және спорт саласындағы қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға;

17) жаттықтырушы - кәсіби білімі бар және оқу-жаттығу процесі барысында спортшының даярлығын және спорттық нәтижелерге қол жеткізу үшін оның жарыс әрекетіне басшылықты жүзеге асыратын жеке тұлға;

18) жоғары дәрежедегі спортшы - Қазақстан Республикасының ұлттық құрама командасының мүшесі болып табылатын, спорттық атағы бар және жоғары спорттық нәтижелерге қол жеткізу мақсатында спорт жарыстарында өнер көрсететін спортшы;

19) жоғары жетістіктер спорты - жоғары спорттық нәтижелерге қол жеткізуді, рекордтар жасауды қамтамасыз ететін спорт саласы;

20) кәсіпқойлық спорт - спорттық ойын-сауық іс-шараларының экономикалық тиімділігін және жоғары ақпараттық-көңіл көтеру құндылығын көздейтін спорттық-кәсіпкерлік қызмет;

21) кешенді ғылыми топ - ғылыми-әдістемелік және медициналық-биологиялық зерттеулер жүргізу, спортшының функционалдық жай-күйін және даярлығының техникалық деңгейін айқындау үшін құрылатын білікті мамандар тобы;

22) мемлекеттік жаттықтырушы - Қазақстан Республикасында спорт түріне жалпы басшылық жасау және оның дамуы үшін жауап беретін жаттықтырушы;

22-1) нұсқаушы-спортшы – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес еңбекақы төлеу шартымен спорт қызметін жүзеге асыратын спортшы;

23) оқу-жаттығу базасы - құрама командалардың оқу-жаттығу процесін тамақтану және сонда тұруымен қоса қамтамасыз етуге арналған спорт ғимараты;

24) олимпиадалық даярлау орталығы - республикалық деңгейде құрылып, Қазақстан Республикасының жастар мен жасөспірімдер құрама командаларының спортшыларын халықаралық жарыстарға даярлау бойынша оқу-жаттығу, спорттық-әдістемелік қызметті жүзеге асыратын дене шынықтыру-спорт ұйымы;

25) олимпиадалық резерв даярлау орталығы - жергілікті деңгейде құрылып, өңірдің жастар мен жасөспірімдер құрама командаларының спортшыларын республикалық және халықаралық жарыстарға даярлау бойынша оқу-жаттығу, спорттық-әдістемелік қызметті жүзеге асыратын дене шынықтыру-спорт ұйымы;

26) Параолимпиадалық ойындар - тірек-қозғалу аппараты және көру органдары зақымданған мүгедек-спортшылар арасында өткізілетін халықаралық қысқы және жазғы жарыстар;

27) президенттік тестілер - бақылау нормативтері арқылы халықтың дене

шынықтыру дайындығының жалпы деңгейін айқындайтын жаттығулардың (сынақтардың) жиынтығы;

28) салалық көтермелеу жүйесі - дене шынықтыру және спорт қызметкерлерін саланы дамытуға қосқан үлесі үшін ынталандыру нысаны;

29) спорт - жарыс әрекетінің, спортшыларды жарыстарға қатысуға даярлаудың ерекше нысаны болып табылатын дене шынықтырудың бір бөлігі;

30) спорт төрешісі - арнайы даярлықтан өткен және тиісті біліктілік санатын алған, спорт түрінің және спорттық іс-шараның ережелерін сақтауды қамтамасыз етуге спорттық іс-шараларды ұйымдастырушы уәкілеттік берген жеке тұлға;

31) спорт түрі - біліктілік деңгейі, жаттығу ортасы, пайдаланылатын құрал-сайман мен жабдық, жарыс ережесі айрықша белгілері болып табылатын дене шынықтырудың құрамдас бөлігі;

32) спорт түрі бойынша қоғамдық бірлестік - мақсаты бір немесе бірнеше спорт түрлерін дамыту, спорт жарыстарын және басқа да спорт іс-шараларын ұйымдастыру мен өткізу болып табылатын, азаматтардың ерікті негізде құрылған бірлестігі;

33) спорттық индустрия - дене шынықтыру-спорт мақсатындағы қызмет көрсетуді, өнімдер өндіруді жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілердің жиынтығы;

34) спорт қызметі туралы келісімшарт - жоғары дәрежедегі спортшы немесе жаттықтырушы мен заңды тұлға арасында жасалатын шарт;

35) спорт медицинасы және оңалту орталығы - спортшыны қалпына келтіру, алдын алу және оңалту іс-шараларын, медициналық-биологиялық препараттарды қолдану қауіпсіздігін және олардың тиімділігін қамтамасыз ететін медициналық ұйым;

36) спорттық сыныптама – спорттың жекелеген түрлерінде шеберлік деңгейін, сондай-ақ жаттықтырушылардың, спортшылардың, нұсқаушы-спортшылардың, әдіскерлердің және төрешілердің біліктілік деңгейін айқындайтын спорттық атақтар, разрядтар және санаттар жүйесі;

37) спорттың техникалық және қолданбалы түрлері - спортшының техникалық құралдарды қолдана отырып жарыстарға арнайы даярлығын талап ететін дене шынықтырудың бір бөлігі;

38) спортшы - спорт түрімен (түрлерімен) үнемі айналысатын және спорт жарыстарында өнер көрсететін жеке тұлға;

39) Сурдолимпиадалық ойындар - есту органдарына зақым келген мүгедек-спортшылар арасында өткізілетін халықаралық қысқы және жазғы жарыстар;

40) Универсиада - спорттың әр түрі бойынша өткізілетін дүниежүзілік студенттік қысқы және жазғы спорт жарыстары;

41) ұлттық спорт түрлері - жарыс әрекеті нысанында тарихи қалыптасқан және өзіне тән дене шынықтыру жаттығуларын және дене шынықтыру белсенділігін ұйымдастырудың өзіндік ережелері мен тәсілдері бар халық ойындарын білдіретін дене шынықтырудың бір бөлігі;

42) халықаралық спорт жарыстары - кемінде бес мемлекеттің өкілдері қатысатын спортшылар (командалар) арасында спорт түрінен өтетін сайыс.

Ескерту. 1-бап жаңа редакцияда - ҚР 2009.07.10 N 181-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.04.27 N 15-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

2-бап. Дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясат принциптері

Қазақстан Республикасында дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясат халықтың салауатты тұрмыс салтын қамтамасыз ету, дене шынықтыру мен спортты дамыту мақсатында жүргізіледі және:

1) барлық азаматтар үшін дене шынықтырумен және спортпен айналысу теңдігі мен жалпыға қолайлылығы;

2) халықтың әртүрлі жас топтарының дене тәрбиесінің толассыздығы мен сабақтастығы;

3) дене шынықтырумен және спортпен айналысудың еріктілігі;

4) дене шынықтыру-спорт шараларының сауықтыру бағыты;

5) дене шынықтыру мен спортты ұйымдастырудың мемлекеттік, қоғамдық және жеке нысандарын тану;

6) дене шынықтырумен жаппай айналысуға, әуесқойлық және кәсіпқойлық спортқа тең құрмет көрсету;

7) халықаралық жарыстарда Қазақстан Республикасының намысын қорғайтын жоғары жетістікті спорттың басымдығы;

8) дене шынықтыру мен спортты мемлекеттік қолдау және демеушілік, қайырымдылық қызмет пен меценаттықты көтермелеу;

9) дене шынықтыру-сауықтыру, спорттық және спорттық-техникалық ғимараттар мен басқа да объектілердің меншік нысандары өзгеріп жатқан жағдайда оларды азаматтардың дене шынықтырумен және спортпен айналысуы үшін сақтау;

10) халық ойындары мен спорттың ұлттық түрлерін дамыту;

11) дене шынықтыру-спорт қозғалысы, жоғары жетістіктер спорты және спортшыларға медициналық қызмет көрсету проблемаларын зерттеу үшін ғылыми базаны дамыту;

12) спорттың техникалық және қолданбалы түрлерін дамыту принциптеріне сәйкес жүзеге асырылады.

3-бап. Қазақстан Республикасының дене шынықтыру және спорт саласындағы заңдары

Дене шынықтыру және спорт саласындағы заңдар Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттардың нормаларына негізделеді және осы Заңнан, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта осы заңдағыдан өзге ережелер белгіленсе, халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

4-бап. Дене шынықтыру мен спортты дамытуды мемлекеттік қолдау

1. Мемлекет дене шынықтыру мен спорт саласындағы қатынастарды мемлекеттік саясатты қалыптастыру, дене шынықтыру мен спортты дамытуды тиісінше қаржылық, материалдық-техникалық, кадрлар, ғылыми-әдістемелік, медициналық, ақпараттық, нормативтік-құқықтық жағынан қамтамасыз ету, сондай-ақ Қазақстан Республикасындағы дене шынықтыру-спорт қозғалысының өзіндік мәртебесін тану жолымен реттейді.

2. Мемлекет барлық үлгідегі және тұрпаттағы балалар-жасөспірімдердің спорт мектептерінің, азаматтардың тұрғылықты жері бойынша спорт және балалар клубтарының, балалар мен жастарға арналған сауықтыру лагерьлерінің, мамандандырылған топтардың және мүгедектерге арналған мектептердің, дәрігерлік-дене шынықтыру диспансерлерінің санын көбейту, олардың материалдық-техникалық базасын нығайту үшін жағдайлар жасайды.

3. Мемлекет дене шынықтыру-спорт ұйымдары сыртқы байланыстарының дамытылуына, Қазақстан Республикасындағы дене шынықтыру қозғалысының өрлеуіне жәрдемдесетін халықаралық спорт ұйымдары мен мекемелеріне интеграциялауға қолдау көрсетеді.

4. Мемлекет халықаралық стандарттарға сай келетін спорт ғимараттарын, спорт мақсатындағы тауарлар мен жабдықтар, спортшыларға арналған жоғары сапалы өнімдер шығару жөніндегі кәсіпорындарды жобалау мен салуға өз қаражатын жұмсайтын отандық және шетелдік инвесторларға қолайлы инвестициялық ахуал жасайды.

5-бап. Қазақстан Республикасында дене шынықтыру мен спортты дамытудың мемлекеттік бағдарламасы

Ескерту. 5-бап алып тасталды - ҚР 03.07.2013 № 124-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

6-бап. Азаматтардың дене шынықтыру мен спорт саласындағы құқықтары мен міндеттері

1. Қазақстан Республикасы азаматтарының: дене шынықтыру-сауықтыру және спорт бағытындағы қоғамдық бірлестіктерге кіруге; спорт бағытындағы дене шынықтырумен және спортпен, оның ішінде кәсіби қызмет ретінде де айналысуға; дене шынықтыру мен спортты басқаруға қатысуға; мемлекеттік, коммуналдық және жеке спорттық ғимараттарды және қызметтерді тегін не ақылы негізде пайдалануға құқығы бар.

2. Қазақстан Республикасының спортпен айналысатын азаматтары: салауатты өмір салтын насихаттауға; жергілікті, республикалық және халықаралық жарыстарда дене шынықтыру-спорт ұйымы мен мемлекеттен лайықты өкіл болуға; гигиена негіздерін зерделеуге және сақтауға міндетті.

3. Ата-аналар, қамқоршылар, қорғаншылар немесе олардың орнындағы адамдар отбасындағы кәмелетке толмаған балалардың дене бітімін дамытуға және денсаулығын нығайтуға, оларға дене шынықтырумен және спортпен айналысу үшін қажетті жағдайлар жасауға қамқорлық көрсетуге міндетті.

7-бап. Дене шынықтыру-сауықтыру және спорт бағытындағы қоғамдық бірлестіктер

Ескерту. 7-бап алынып тасталды - ҚР 2003.07.04 N 471 Заңымен.

8-бап. Дене шынықтыру мен спортты насихаттау

1. Дене шынықтыру және спорт жөніндегі уәкілетті орган, спорт түрлері бойынша қоғамдық бірлестіктер, денсаулық сақтау мекемелері бұқаралық ақпарат құралдарымен бірлесе отырып, дене шынықтыру және спорт саласындағы білім мен жетістіктерді, салауатты өмір салтының принциптерін насихаттауды жүзеге асырады.

2. Спортта қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа табынуды, адамның қадір-қасиетін қорлауды, тыйым салынған қоздырғыштар мен препараттарды, алкогольді ішімдіктер мен темекі бұйымдарын насихаттауға жол берілмейді.

3. Журналистердің және бұқаралық ақпарат құралдарының өзге де өкілдерінің спорт жарыстарын және басқа да спорт шараларын теле-, радиоарналар арқылы таратуы, сондай-ақ спорт жарыстарын және басқа да спорт шараларын жазып алуы, оның ішінде дыбыс-бейне жазу техникасы, киноға және суретке түсіру құралдарын пайдалана отырып жазып алуы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 8-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2003.07.04 N 471, 2004.12.20 N 13 (2005.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2009.07.10 N 181-IV (қолданысқа

енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2012.01.18 N 546-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік отыз күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

2-тарау. Қазақстан Республикасының дене шынықтыру және спорт жүйесі

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР 2009.07.10 N 181-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

8-1-бап. Қазақстан Республикасындағы дене шынықтыру (дене шынықтыру-спорт) қозғалысының

субъектілері

Қазақстан Республикасындағы дене шынықтыру (дене шынықтыру-спорт)

қ о з ғ а л ы с ы :

- 1) олимпиадалық даярлау орталықтарын;
- 2) олимпиадалық резерв даярлау орталықтарын;
- 3) жоғары спорт шеберлігі мектептерін;
- 4) спорттағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттарды;
- 5) олимпиадалық резервтің спорт мектептерін;
- 6) олимпиадалық резервтің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектептерін;
- 7) балалар-жасөспірімдер спорт мектептерін;
- 8) дене шынықтыру-спорт қоғамдарын (спорт клубтарын);
- 9) балалар-жасөспірімдер дене шынықтыру даярлығы клубтарын;
- 10) балалар мен жеткіншектер клубтарын;
- 11) спорт медицинасы және оңалту орталықтарын;
- 12) дәрігерлік-дене шынықтыру диспансерлерін;
- 13) допингке қарсы комиссияларды;
- 14) кешенді ғылыми топтарды;
- 15) оқу-жаттығу базаларын;
- 16) қызметі мектеп жасына дейінгі балалардың, оқушылар мен студенттердің дене тәрбиесі мен спорттық даярлығына бағытталған жеке және заңды тұлғаларды қамтиды.

Ескерту. 8-1-баппен толықтырылды - ҚР 2009.07.10 N 181-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

9-бап. Мектепке дейінгі балалар мекемелеріндегі, жалпы білім беретін мектептердегі және басқа оқу орындарындағы дене тәрбиесі

1. Мектеп жасына дейінгі балалардың, жалпы білім беретін және кәсіптік мектептер, колледждер, лицейлер оқушыларының, жоғары оқу орындары

студенттерінің дене тәрбиесі оқу жоспарларына, санитариялық қағидалар мен гигиеналық нормативтерге сәйкес оқу және ұзартылған күн режимінде, сабақтан тыс уақытта және дербес жүзеге асырылады. Міндетті дене тәрбиесі сабақтары оқытудың бүкіл кезеңі бойына аптасына мектепке дейінгі мекемелерде – кемінде сегіз сағат, жалпы білім беретін мектепте – кемінде үш сағат, кәсіптік-техникалық мектептерде, колледждерде, лицейлер мен жоғары оқу орындарында аптасына кемінде төрт сағат жүргізіледі.

Денсаулығы нашар оқушылар мен студенттер арнаулы медициналық топтар мен емдік дене шынықтыру топтарында шұғылданады.

1-1. Мектеп жасына дейінгі балалар мекемелері, жалпы білім беретін мектептер және басқа да оқу орындары оқушыларға дене тәрбиесін беру мақсатында: дене шынықтыру машықтарын қалыптастырады, спортпен айналысуға тартады, дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық іс-шаралар өткізеді және қоғамдық бірлестіктер мен басқа да заңды тұлғалардың мектеп жасына дейінгі балалардың, оқушылар мен студенттердің қатысуымен спорттық іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізуіне жәрдемдеседі.

2. Сабақтан тыс уақытта дене шынықтыру жаттығуларымен шұғылдану үшін спорт клубтары мен мектептен тыс дене шынықтыру-сауықтыру ұйымдары құрылады, олардың құрамына балалар-жасөспірімдер спорт мектептері, балалар-жасөспірімдер дене шынықтыру клубтары, тұрғылықты жері бойынша балалар мен жасөспірімдер клубтары және қызметі мектеп жасына дейінгі балалардың, оқушылар мен студенттердің дене тәрбиесі мен спорттық даярлығына бағытталған басқа да заңды тұлғалар кіреді.

3. Мектепке дейінгі балалар мекемелерінде, мектептен тыс дене шынықтыру-сауықтыру ұйымдарында және оқу орындарында дене тәрбиесі үшін қажетті жағдайлар жасау облыстардың, қалалар мен аудандардың жергілікті атқарушы органдарына, сондай-ақ құрылтайшыларға жүктеледі.

Ескерту. 9-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.12.20 N 13 (01.01.2005 бастап қолданысқа енгізіледі), 2009.07.10 N 181-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

10-бап. Еңбек ұжымдарындағы дене шынықтыру мен спорт

1. Кәсіпорындар, ұйымдар жұмыс істеушілерді сауықтыру жөніндегі дене шынықтыруды дамыту үшін қаражат көздеуге және азаматтардың дене шынықтырумен, спортпен шұғылдану құқықтарын іске асыруына жағдай ж а с а у ғ а м і н д е т т і .

Мемлекеттік кәсіпорындар және мемлекеттің қатысу үлесі бар заңды тұлғалар дене шынықтыру-спорт қоғамдарының (спорт клубтарының) қызметіне қатысуға міндетті.

2. Қызметкерлердің, олардың отбасы мүшелерінің жеке және ұжымдық денешынықтыру-спортпен шұғылдануын ұйымдастыру үшін материалдық база жасау, оны пайдалану, қаржыландыру, мамандармен қамтамасыз ету ұжымдық шарттарда, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарында айқындалады.

Ескерту. 10-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2009.07.10 N 181-IV(қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз); 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

11-бап. Тұрғылықты жердегі және халықтың жаппай демалыс орындарындағы дене шынықтыру мен спорт

1. Тұрғылықты жерде және халықтың жаппай демалатын орындарында дене шынықтыруды және спортты дамыту:

1) спорттық клубтар мен секциялар жұмысын ұйымдастыруды;
2) дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізуді;

3) дене шынықтыру-спорт ұйымдарына жаппай демалатын орындарда халықтың дене шынықтырумен және спортпен айналысуына арналған қажетті үй-жайлар бөлуге және спорттық ғимараттар беруге жәрдемдесуді қамтиды.

2. Санаторий-курорт ұйымдарында, пансионаттарда, демалыс үйлерінде, туристік базаларда және қала сыртындағы балаларды сауықтыру лагерьлерінде жеке, топтық және отбасылық дене шынықтыру-сауықтыру сабақтарын өткізуге жағдайлар жасалады.

Ескерту. 11-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2004.12.20 N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2009.07.10 N 181-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

12-бап. Мүгедектер мен ақыл-есінің мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған дене шынықтыру мен спорт

1. Дене шынықтыру мен спорт мүгедектер мен ақыл-есінің мүмкіндігі шектеулі адамдарды дене бітімі және әлеуметтік жағынан оңалту құралдары болып табылады.

2. Жергілікті атқарушы органдар мүгедектер мен ақыл-есінің мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін арнайы дене шынықтыру-сауықтыру және спорт ғимараттарын, сондай-ақ жалпы пайдаланудағы ғимараттарда дене шынықтырумен және спортпен шұғылдану үшін жағдайлар жасауды қамтамасыз етеді.

3. Мүгедектер мен ақыл-есінің мүмкіндігі шектеулі адамдарды үздіксіз оңалту жүйесіндегі дене шынықтырумен және спортпен шұғылдануды

ұйымдастыру, кадрлар даярлау, әдістемелік, медициналық жағынан қамтамасыз ету, мүгедектер мен ақыл-есінің мүмкіндігі шектеулі адамдардың дене шынықтырумен және спортпен шұғылдануына дәрігерлік бақылау жасау, білім беру, денсаулық сақтау, халықты әлеуметтік қорғау, дене шынықтыру және спорт органдарына жүктеледі.

4. Дене шынықтыру және спорт жөніндегі уәкілетті орган мүгедектер мен ақыл-есінің мүмкіндігі шектеулі адамдардың дене шынықтыру-спорт бірлестіктерімен бірлесе отырып, республикалық жарыстар өткізуді, мүгедектер мен ақыл-есінің мүмкіндігі шектеулі адамдар арасындағы спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командаларының халықаралық жарыстарға, оның ішінде Параолимпиадалық, Сурдоолимпиадалық ойындарға және Арнайы олимпиадаға дайындалуы мен қатысуын ұйымдастырады.

Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары мүгедектер мен ақыл-есінің мүмкіндігі шектеулі адамдардың дене шынықтыру-спорт бірлестіктерімен бірлесе отырып, облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) деңгейіндегі спорттық іс-шаралар өткізуді, сондай-ақ олардың республикалық жарыстарға дайындалуы мен қ а т ы с у ы н ұ й ы м д а с т ы р а д ы .

Ескерту. 11-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2004.12.20 N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2009.07.10 N 181-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Зандарымен.

13-бап. Әскери қызметшілер мен құқық қорғау органдары адам құрамының дене шынықтыру даярлығы

1. Әскери қызметшілер мен құқық қорғау органдары адам құрамының дене шынықтыру даярлығы қызметтік-қолданбалы бағытта болады және олардың әскери борыш пен қызмет міндеттерін орындауын қамтамасыз етеді.

2. Әскери қызметшілер мен құқық қорғау органдары адам құрамының дене шынықтыру даярлығы жөніндегі жұмыстың мазмұнын, оны ұйымдастырудың нысандары мен әдістерін тиісті мемлекеттік басқару органдары белгіленген тәртіппен анықтайды.

3. Әскери бөлімшелердің, сондай-ақ құқық қорғау органдары бөлімшелерінің командирлері мен бастықтары әскери қызметшілер мен құқық қорғау органдары адам құрамының дене бітімін жетілдіру үшін қажетті жағдайлар жасауға міндетті.

4. Қазақстан Республикасы құрама спорт командаларының мерзімді әскери қызметке шақырылған мүшелері өздерінің спорттық шеберлігін шыңдау үшін қажетті жағдайлары бар бөлімшелерге жіберіледі, оларға халықаралық, ұлттық және басқа да спорттық жарыстарға қатысуға мүмкіндік беріледі.

14-бап. Мемлекеттік денсаулық сақтау органдары мен мекемелерінің дене шынықтыру мен спортты дамытуға қатысуы

Мемлекеттік денсаулық сақтау органдары мен мекемелері өздерінің құзыреті ш е г і н д е :

дене шынықтыруды аурулардың алдын алу және оны емдеу құралы ретінде п а й д а л а н а д ы ;

дене шынықтырумен және спортпен айналысатын адамдарға дәрігерлік бақылау мен икемді қадағалауды жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасының ұлттық құрама командаларын халықаралық спорт жарыстарына даярлауды медициналық жағынан қамтамасыз етуге қ а т ы с а д ы ;

дене шынықтырумен және спортпен айналысатын адамдарды жарысқа жіберуді жүзеге асырады ;

спорт медицинасы мен емдік дене шынықтыру саласында мамандар даярлауды жүзеге асырады және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастырады ;

қолданылып жүрген ережелерге сәйкес мектепке дейінгі балалар мекемелерінде, оқу орындарында дене шынықтыру-сауықтыру және спорт жұмысын ұйымдастыруға белсене қатысады;

халықтың дене бітімінің даму деңгейін анықтайды;

Халықаралық Олимпиадалық Комитеттің сертификаты бар мамандандырылған мекемелерде допингке қарсы бақылауды қамтамасыз етеді.

Ескерту. 14-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2004.12.20 N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), орыс тіліндегі мәтініне өзгерту енгізілді , қазақ тіліндегі мәтіні өзгермейді - 2009.07.10 N 181-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

15-бап. Дене шынықтыру мен спорт сабақтарын, спорт жарыстары мен бұқаралық спорт шараларын өткізу кезінде қауіпсіздік қағидаларын сақтау, азаматтардың денсаулығын қорғау

1. Дене шынықтыру және спорт қызметкерлері дене шынықтыру мен спорт сабақтарын өткізу кезінде дене шынықтыру және спорт жөніндегі уәкілетті орган әзірлеп, бекітетін қауіпсіздік нормалары мен қағидаларының сақталуын қ а м т а м а с ы з е т е д і .

2. Дене шынықтыру-сауықтыру және спорт ғимараттары ұйымдарының әкімшілігі сабақтар мен жарыстар өткізілетін орындарды қауіпсіздік техникасының қағидаларына, санитариялық қағидалар мен гигиеналық нормативтерге сәйкес техникамен тиісінше жабдықтауды қамтамасыз етеді және

азаматтардың денсаулығына келтірілген зиян үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

3. Дене шынықтыру мен спорт сабақтарын, спорт жарыстары мен спорттық-бұқаралық іс-шараларды өткізуге арналған объектілер мен ғимараттар санитариялық қағидалар мен гигиеналық нормативтерге, сондай-ақ спорт ғимараттарын пайдалану және өрт қауіпсіздігі қағидаларына сай болуға тиіс.

4. Дене шынықтыру мен спорт қызметкерлері дене шынықтырумен және спортпен айналысатын азаматтардың денсаулығына келтірілген зиян үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

5. Азаматтар мен қатысушылардың қауіпсіздік жағдайын қамтамасыз етуді күрделендіретін спорт ғимараттарын пайдалану және өрт қауіпсіздігі қағидалары талаптарының бұзылуы анықталған жағдайда, оның ішінде мінбенің тіреуіш конструкцияларының ескіруі, мінбе астындағы үй-жайларда жанар-жағармай заттары мен материалдарының болуы, авариялық жарықтандыру мен эвакуациялау жолдарының болмауы, өртке қарсы қорғану құралдарының болмауы немесе ақаулары, сондай-ақ өрттің туындауына әкеп соғуы мүмкін электр жабдығын монтаждау және пайдалану қағидаларын бұзу бөлігінде төтенше жағдайлар жөніндегі органдар енгізетін ұсыным бойынша өз бетінше не ішкі істер органдарының бастамасы бойынша жергілікті атқарушы органдар қауіпсіздік жағдайларының анықталған бұзушылықтары жойылғанға дейін спорттық-бұқаралық іс-шараларды өткізуге тыйым салады.

6. Спорттық-бұқаралық іс-шараларды ұйымдастырушылар іс-шараны өткізгенге дейін он күннен кешіктірмей көрермендердің болжамды саны туралы, бір күн бұрын - сатылған билеттердің, берілген рұқсаттардың, оның ішінде автокөлікке берілген рұқсаттардың саны, сондай-ақ ішкі істер, төтенше жағдайлар және денсаулық сақтау органдарының арнаулы техникасына арналған тұрақ орындары туралы жергілікті атқарушы органдарды хабардар етуге міндетті.

Ескерту. 15-бап жаңа редакцияда - ҚР 2010.12.29 N 372-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

15-1-бап. Дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік мекемелер

Дене шынықтыру және спорт саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік мекемелер өздерінің негізгі қызметіне жатпайтын қызметтер көрсетуге құқылы, оларға төленетін ақы міндетті сипатта болмайды, жеке және заңды тұлғалармен келісім бойынша айқындалады.

Ескерту. 14-баппен толықтырылды - ҚР 2006.07.05 N 165 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

3-тарау. Спортты ұйымдастыру және дамыту

16-бап. Жоғары дәрежедегі спортшылар әзірлеу

1. Жоғары дәрежедегі спортшылар даярлауды дене шынықтыру және спорт жөніндегі уәкілетті орган бекіткен спорт түрлері жөніндегі бағдарламаларға сәйкес дене шынықтыру және спорт саласындағы отандық және шетелдік мамандар, сондай-ақ дене шынықтыру және спорт саласында қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалар жүзеге асырады.

2. Қазақстан Республикасының жоғары дәрежедегі спортшыларын даярлау келісім-шарт негізінде жүзеге асырылуы мүмкін.

Спорт қызметі туралы келісім-шартта спортшының құқықтары мен міндеттері, оның әлеуметтік-медициналық сақтандырылуы, мұндай келісім-шартты жасасу мен бұзу талаптары болуға тиіс. Спорт қызметі туралы келісім-шартта Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін басқа да талаптар мен міндеттер болуы мүмкін.

Ескерту. 16-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2004.12.20 N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2009.07.10 N 181-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

17-бап. Спорт мектептері мен мектеп-интернаттары

1. Қосымша білім беру мекемелері ретінде спорт мектептері, сондай-ақ спорттағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттар Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес құрылады.

2. Мемлекет спорт мектептері мен спорттағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттардың қолда бар материалдық-техникалық базасын нығайту және жаңа базасын жасау үшін жағдай туғызады.

18-бап. Спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасының құрама командалары

1. Қазақстан Республикасының құрама командалары - спортшылардың, жаттықтырушылардың, отандық және шетелдік мамандардың, дене шынықтыру-спорт және медицина ұйымдарының басқа да қызметкерлерінің ұжымдары спорттың түрлері бойынша қоғамдық бірлестіктердің құрамдас бөлігі болып табылады, халықаралық жарыстарға даярлық және оларға Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы астында қатысу мақсатында құрылады.

2. Қазақстан Республикасының құрама командаларын спорт түрлері бойынша тиісті қоғамдық бірлестіктер дене шынықтыру-спорт ұйымдарының ұсыныстарын ескере отырып, конкурстық негізде қалыптастырады. Алдын ала белгіленген және жарияланған арнаулы нормативтерді спорт қағидаттарын сақтай отырып орындаған спортшылар Қазақстан Республикасы құрама

командаларының негізгі және жастар (резервтік) құрамдарына енгізіледі. Қазақстан Республикасы құрама командаларының белгіленген нормативтерді орындамайтын, өз міндеттерін үнемі бұзатын мүшелері Қазақстан Республикасы құрама командаларынан шығарылады. Қазақстан Республикасы құрама командаларының құрамдарын спорттың әр түрі бойынша қоғамдық бірлестіктердің ұсынуымен дене шынықтыру және спорт жөніндегі уәкілетті орган жыл сайын бекітіп отырады.

3. Қазақстан Республикасының штаттық құрама командалары – спортшылардың, жаттықтырушылардың, ғалымдардың, спортшылары халықаралық жарыстарда өнер көрсету қорытындылары бойынша жоғары спорттық нәтижелерге қол жеткізген дене шынықтыру-спорт ұйымдары мен спорттық медицина ұйымдарының басқа да қызметкерлерінің ұжымдары, сондай-ақ осы спортшыларды даярлаған және Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында көзделген қаржылық шарттармен спорт қызметін жүзеге асыратын жаттықтырушылар, ғалымдар және өзге де қызметкерлер.

Қазақстан Республикасының штаттық құрама командаларының тізімдерін дене шынықтыру және спорт жөніндегі уәкілетті орган қалыптастырады және б е к і т е д і .

Ескерту. 18-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.07.10. N 181-IV(қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2012.04.27 N 15-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

19-бап. Кәсіпқойлық спортпен айналысу құқығы

1. Қазақстан Республикасы азаматтарының келісім-шарт негізінде Қазақстан Республикасында да, басқа елдерде де ақы төленетін кәсіпқойлық спорт қызметімен айналысуға құқығы бар.

2. Кәсіпқой бірлестіктер құру тәртібі және олардың жұмыс істеу жағдайлары, кәсіпқойлық спорт сабақтарын ұйымдастыру, келісім-шарттар жасасу тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленеді.

3. Спортшылардың, төрешілердің, жаттықтырушылардың және басқа мамандардың спорт жарыстарына дайындалу мен қатысуға байланысты және олардың табыс көзі болып табылатын кәсіпқойлық қызметі Қазақстан Республикасының заңдарымен реттеледі.

20-бап. Спорт қызметін ғылыми-әдістемелік жағынан қамтамасыз ету

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметі мүдделі заңды тұлғалармен бірлесе отырып, денешынықтыру және спорт проблемалары бойынша ғылыми-зерттеулер жүргізеді, халықтың әртүрлі топтары арасында

бұқаралық спортты дамытуға және жоғары спорттық нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған ғылыми-әдістемелік ұсынымдар әзірлейді, дене шынықтыру және спорт, медицина, биология және психология саласындағы жетекші отандық және шетелдік мамандарды келісімшарт негізінде Қазақстан Республикасының ұлттық құрама командаларын ғылыми-әдістемелік жағынан қамтамасыз етуге тартады.

Ескерту. 20-бап жаңа редакцияда - ҚР 03.07.2013 № 124-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

21-бап. Спорт резервін даярлау

1. Спорт резервін даярлау оқу-жаттығу процесі кезеңінде оқу-жаттығу бағдарламаларының және оқу жоспарларының негізінде жүзеге асырылады.

Оқу-жаттығу процесі спортшыларды даярлаудың мынадай көпжылдық кезеңдеріне бөлінеді:

- 1) спорттық-сауықтыру;
- 2) бастапқы даярлық;
- 3) оқу-жаттығу;
- 4) спорт шеберлігін жетілдіру;
- 5) жоғары спорт шеберлігі.

1-1. Спорт резервін жасөспірім және жас спортшылар құрайды. Спорттың жекелеген түрлері бойынша жасөспірімдер мен жастардың жас шамасы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалады.

2. Оқу-жаттығу процесін ұйымдастыру оқу-жаттығу мен спорттық іс-шараларды өткізуді, спортшыларға медициналық қызмет көрсетуді, оларды тамақтандыруды және оқу-жаттығу мен спорттық іс-шараларға бару жолын, сондай-ақ спорттық керек-жарақпен, спорт құрал-сайманымен және жабдығымен қамтамасыз етуді қамтиды.

3. Оқу-жаттығу сабақтары дене шынықтыру-спорт ұйымдарында және балалар-жасөспірімдер спорт ұйымдарында жүргізіледі.

Ескерту. 21-бап жаңа редакцияда - ҚР 2009.07.10. N 181-IV(қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.04.27 N 15-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

22-бап. Спортта тыйым салынған тәсілдер, әдістер мен құралдар

1. Спорттық нәтижелерге жету үшін спортшыларға, жаттықтырушылар мен спорт төрешілеріне:

Халықаралық Олимпиадалық Комитет, спорт түрлері бойынша халықаралық федерациялар және республикалық қоғамдық бірлестіктер тыйым салған тәсілдерді, әдістерді, медициналық және биологиялық препараттарды

п а й д а л а н у ғ а ;

қандай түрдегі болса да сатып алушылықты, бопсалауды, қоқан-лоққы мен күш қолдануды пайдалануға тыйым салынады.

2 . < * >

Ескерту. 22-бап өзгерді - Қазақстан Республикасының 2003.07.04. N 471, 2009.07.10. N 181-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

22-1-бап. Спорттық сыныптама

1. Спортшыларға спорттық атақтар мен разрядтарды дене шынықтыру және спорт жөніндегі уәкілетті орган төрт жылдық (олимпиадалық) кезеңге белгілеген біліктілік талаптарына сәйкес береді.

Жаттықтырушыларға, нұсқаушы-спортшыларға, әдіскерлерге, төрешілерге санаттар дене шынықтыру және спорт жөніндегі уәкілетті орган белгілеген біліктілік талаптарына сәйкес беріледі.

2. Спортшылар мен жаттықтырушыларға мынадай спорттық атақтар мен разрядтар беріледі:

1) с п о р т т ы қ а т а қ т а р :

"Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы" құрметті атағы ;

"Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт шебері" құрметті атағы;

Қазақстан Республикасының халықаралық дәрежедегі спорт шебері;
Қазақстан Республикасының спорт шебері;

2) с п о р т т ы қ р а з р ы д т а р :

Қазақстан Республикасының спорт шеберлігіне кандидат;

1 - р а з р ы д т ы с п о р т ш ы ;

2 - р а з р ы д т ы с п о р т ш ы ;

3 - р а з р ы д т ы с п о р т ш ы ;

жасөспірімдер арасындағы 1-разрядты спортшы;

жасөспірімдер арасындағы 2-разрядты спортшы;

жасөспірімдер арасындағы 3-разрядты спортшы.

3. Дене шынықтыру және спорт жөніндегі әдіскерлер мен нұсқаушы-спортшыларға мынадай біліктілік санаттары беріледі:

біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты әдіскер;

біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты әдіскер;

біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты әдіскер;

біліктілігі жоғары деңгейдегі санаты жоқ әдіскер;

біліктілігі орта деңгейдегі жоғары санатты әдіскер;

біліктілігі орта деңгейдегі бірінші санатты әдіскер;

біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер;

біліктілігі орта деңгейдегі санаты жоқ әдіскер;
біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты нұсқаушы-спортшы;
біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты нұсқаушы-спортшы;
біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы.

4. Жаттықтырушыларға мынадай біліктілік санаттары беріледі:
біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты жаттықтырушы;
біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты жаттықтырушы;
біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы;
біліктілігі жоғары деңгейдегі санаты жоқ жаттықтырушы;
біліктілігі орта деңгейдегі жоғары санатты жаттықтырушы;
біліктілігі орта деңгейдегі бірінші санатты жаттықтырушы;
біліктілігі орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы;
біліктілігі орта деңгейдегі санаты жоқ жаттықтырушы.

5. Спорт төрешілеріне мынадай біліктілік санаттары беріледі:
жоғары санатты ұлттық спорт төрешісі;
ұлттық спорт төрешісі;
бірінші санатты спорт төрешісі;
спорт төрешісі.

Ескерту. 22-1-баппен толықтырылды - ҚР 2004.12.20. N 13 (2005.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі Заңымен), өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.07.10. N 181-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2012.04.27 N 15-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

4-тарау. Дене шынықтыру мен спорт саласындағы басқару

22-2-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің дене шынықтыру және спорт саласындағы құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) спорт түрлері бойынша республикалық қоғамдық бірлестіктерді аккредиттеу ережесін бекітеді;

2) спорттық іс-шараларды материалдық қамтамасыз ету нормативтерін бекітеді;

3) республикалық спорттық іс-шаралардың, универсиадалардың жүлдегерлерін және оларға қатысушыларды және халықаралық жарыстардағы жоғары нәтижелері үшін Қазақстан Республикасының ұлттық құрама командаларының мүшелерін көтермелеу мөлшерлерін бекітеді;

4) еңбек сіңірген спортшылар мен жаттықтырушыларға ай сайынғы материалдық қамсыздандыру түрінде өмір бойы төлемақы төлеу ережесін

б е к і т е д і ;

5) Президенттік тестілерді өткізу ережесін бекітеді;

б) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Қазақстан Республикасы Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.

Ескерту. 22-2-баппен толықтырылды - ҚР 2009.07.10 N 181-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), өзгеріс енгізілді - 2011.07.05 N 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

23-бап. Дене шынықтыру және спорт жөніндегі уәкілетті органның құзыреті

У ә к і л е т т і о р г а н :

1) дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік басқару, үйлестіру және мемлекеттік бақылау функцияларын жүзеге асырады;

2) дене шынықтыру және спорт мәселелері бойынша өз құзыреті шегінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін әзірлейді және б е к і т е д і ;

3) алынып тасталды - ҚР 13.01.2014 N 159-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

4) салалық көтермелеу жүйесін әзірлейді және бекітеді;

5) дене шынықтыру және спорт саласындағы кадрларды даярлауды, қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастырады;

5-1) спорт түрлері, соның ішінде ұлттық, техникалық және қолданбалы спорт, бұқаралық спорт түрлері бойынша республикалық және халықаралық жарыстар ө т к і з е д і ;

б) Қазақстан Республикасының ұлттық құрама командаларының мүшелерін халықаралық спорт жарыстарына дайындауды және олардың қатысуын ұйымдастырады және жүзеге асырады;

7) алынып тасталды - ҚР 13.01.2014 N 159-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

8) спортта допингке қарсы шаралардың жүргізілуіне бақылауды жүзеге а с ы р а д ы ;

9) алып тасталды - ҚР 2012.07.10 N 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

10) алынып тасталды - ҚР 13.01.2014 N 159-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

11) алып тасталды - ҚР 03.07.2013 № 124-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

12) алынып тасталды - ҚР 13.01.2014 N 159-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

13) алып тасталды - ҚР 2011.07.15 N 461-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

14) мынадай спорттық атақтар мен санаттарды береді:

"Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы" құрметті атағы, "Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт шебері" құрметті атағы, Қазақстан Республикасының халықаралық дәрежедегі спорт шебері, Қазақстан Республикасының спорт шебері, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі жоғары санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі жоғары санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі жоғары санатты әдіскер, жоғары санатты ұлттық спорт төрешісі, ұлттық спорт төрешісі;

14-1) спорт түрлері бойынша республикалық қоғамдық бірлестіктерді аккредиттеуді жүзеге асырады;

15) алынып тасталды - ҚР 13.01.2014 N 159-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

16) алып тасталды - ҚР 2012.07.10 N 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

17) спорт ғимараттарын пайдалану нормалары мен қағидаларын әзірлейді және бекітеді;

18) алынып тасталды - ҚР 13.01.2014 N 159-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

19) алып тасталды - ҚР 2012.07.10 N 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

19-1) Қазақстан Республикасының аумағында спорттық іс-шаралар және шет мемлекеттерде халықаралық спорттық іс-шаралар өткізу кезінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін дайындауды және пайдалануды реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауды қамтамасыз етеді;

20) спорттық атақтарды, разрядтар мен санаттарды беру тәртібін айқындайды;

21) дене шынықтыру (дене шынықтыру-спорт) қозғалысы субъектілерінің қызметін ұйымдастыру ережесін бекітеді;

22) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органмен келісе отырып, Дәрігерлік-дене шынықтыру диспансерлерінің және спорт медицинасы мен оңалту орталықтарының қызметін ұйымдастыру ережесін бекітеді;

23) спорт түрлері бойынша жарыстардың ережесін бекітеді;

24) Спортшының бір дене шынықтыру-спорт ұйымынан, дене шынықтыру-спорт қоғамынан (спорт клубынан) басқа дене шынықтыру-спорт ұйымына, дене шынықтыру-спорт қоғамына (спорт клубына) ауысуы туралы ережені бекітеді;

25) дене шынықтыру-спорт және балалар-жасөспірімдер спорт

ұйымдарындағы оқу-жаттығу бағдарламаларын және оқу-жаттығу процесінің кезеңдерін бекітеді;

26) спорт түрлері бойынша бас және мемлекеттік жаттықтырушыларды қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

27) «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті ведомстволық есептіліктің, тексеру парақтарының нысандарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдерін, тексерулер жүргізудің жартыжылдық жоспарларын әзірлейді және бекітеді;

28) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Ескерту. 23-бап жаңа редакцияда - ҚР 2003.07.04. N 471 Заңымен, өзгерістер енгізілді - ҚР 2004.12.20 N 13 (2005.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2007.01.12 N 222 (ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2009.07.10 N 181-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2009.07.17 N 188-IV(қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2010.03.19 № 258-IV, 2011.01.06 N 378-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.07.05 N 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.07.15 N 461-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.04.27 N 15-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.06.28 N 24-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.07.10 N 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 13.01.2014 N 159-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

23-1-бап. Жергілікті атқарушы органдардың дене шынықтыру және спорт мәселелері жөніндегі құзыреті

1. Облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органы:

1) алып тасталды - ҚР 03.07.2013 № 124-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі);

2) спорттың әр түрі бойынша облыстық (республикалық маңызы бар қалалық, астаналық) жарыстар өткізеді;

3) спорттың әр түрі бойынша облыстық (республикалық маңызы бар қалалық,

астаналық) құрама командаларды дайындау мен олардың республикалық және халықаралық спорт жарыстарында өнер көрсетуін қамтамасыз етеді;

4) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында бұқаралық спортты және ұлттық спорт түрлерін дамытуды қолдайды;

5) облыстық (республикалық маңызы бар қалалық, астаналық) мамандандырылған оқу-спорт мекемелерінің қызметін үйлестіреді;

6) облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) аумағында спорт ғимараттарын салу мәселелерін үйлестіреді;

7) спорт ұйымдарына әдістемелік және консультациялық көмек көрсетеді;

8) мынадай спорттық разрядтар мен санаттарды береді: спорт шеберлігіне кандидат, бірінші спорттық разряд, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі бірінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі бірінші санатты әдіскер, бірінші санатты спорт төрешісі;

9) облыстық спорттық-бұқаралық іс-шаралардың күнтізбелік жоспарын әзірлейді, бекітеді және іске асырады;

10) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында спорт ұйымдарының қызметін үйлестіреді;

11) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында спорт шараларын ұйымдастыруды және өткізуді үйлестіреді;

12) тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік бойынша дене шынықтыру мен спортты дамыту туралы мәліметтерді талдап, дене шынықтыру және спорт жөніндегі уәкілетті органға табыс етеді;

13) алып тасталды - ҚР 2011.07.15 N 461-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

14) емдік дене шынықтыру және дене шынықтырумен және спортпен айналысатын адамдарды оңалту бойынша тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында дәрігерлік-дене шынықтыру диспансерлерінің қызметін қамтамасыз етеді;

15) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

2. Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органы:

1) дене шынықтыру мен спортты дамытудың аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) жоспарларын әзірлейді және іске асырады;

2) спорт түрлері бойынша аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде жарыстар өткізеді;

3) спорттың әр түрі бойынша аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) құрама командаларды дайындауды және олардың облыстық спорт жарыстарында

өнер көрсетуін қамтамасыз етеді;

4) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында бұқаралық спортты және ұлттық спорт түрлерін дамытады;

5) аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) мамандандырылған оқу-спорт мекемелерінің қызметін үйлестіреді;

6) мынадай спорттық разрядтар мен санаттарды береді: жасөспірімдер арасындағы екінші және үшінші, бірінші, екінші және үшінші разрядтар, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты әдіскер, спорт төрешісі;

7) аудандық спорттық-бұқаралық іс-шаралардың күнтізбелік жоспарын әзірлейді, бекітеді және іске асырады;

8) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында спорт ұйымдарының қызметін үйлестіреді;

9) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында спорттық іс-шараларды ұйымдастыруды және өткізуді үйлестіреді;

10) тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік бойынша дене шынықтыру мен спортты дамыту туралы мәліметтерді талдап, облыстық (республикалық маңызы бар қалалық, астаналық) атқарушы органға табыс етеді;

11) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

3. Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімі тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында спорт мекемелерінің материалдық-техникалық қамтамасыз етілуін қолдайды және оған жәрдем көрсетеді, сондай-ақ азаматтардың тұрғылықты жерінде және жаппай демалатын орындарында дене шынықтыруды және спортты дамыту үшін жағдайлар жасайды.

Ескерту. Заң 23-1-баппен толықтырылды - ҚР 2003.07.04 N 471 Заңымен; жаңа редакцияда - ҚР 2004.12.20 N 13 (01.01.2005 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен, өзгерістер енгізілді - ҚР 2007.01.12 N 222 (ресми жарияланған күнінен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі), 2009.07.10 N 181-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2010.03.19 № 258-IV, 2011.07.05 N 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.07.15 N 461-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен; 03.07.2013 № 121-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен; 03.07.2013 № 124-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

24-бап. Спорт түрлері бойынша қоғамдық бірлестіктер

1. Қазақстан Республикасында спорт түрлері бойынша қоғамдық бірлестіктер осы Заңға және Қазақстан Республикасының қоғамдық бірлестіктер туралы заңдарына сәйкес құрылып, жұмыс істейді.

2. Спорттың әрбір түрі бойынша тек бір республикалық қоғамдық бірлестік қана аккредиттелуге жатады, ол Қазақстан Республикасының атынан дене шынықтыру және спорт саласындағы халықаралық бірлестіктерге қатысушы болуы мүмкін.

3. Спорт түрлері бойынша қоғамдық бірлестіктер спорт жарыстарын және басқа да спорт шараларын, оның ішінде халықаралық шараларды ұйымдастыруды және өткізуді дене шынықтыру және спорт жөніндегі уәкілетті органмен келісе отырып жүзеге асырады.

4. Спорт түрлері бойынша қоғамдық бірлестіктер, бас жаттықтырушылар спорттық іс-шараларды ұйымдастырушылардың Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін пайдалану тәртібін сақтауын, сондай-ақ спортшылардың Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Гимнінің музыкалық редакциясы мен мәтінін білуін қамтамасыз етуге міндетті.

Ескерту. 24-бап жаңа редакцияда - ҚР 2003.07.04 N 471 Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.07.10. N 181-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2012.04.27 N 15-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2012.06.28 N 24-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

24-1-бап. Дене шынықтыру-сауықтыру, спорт қызметтерін көрсету жөніндегі қызметті лицензиялау

Ескерту. 24-1-бап алып тасталды - ҚР 2011.07.15 N 461-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

24-2-бап. Дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік бақылау

1. Дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік бақылауды дене шынықтыру және спорт жөніндегі уәкілетті орган Қазақстан Республикасы заңдарының, Қазақстан Республикасы Президенті жарлықтарының және Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулыларының спорт объектілерін пайдалану, оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі талаптарының сақталуы тұрғысынан жүзеге асырады.

2. **Алып тасталды - ҚР 2011.01.06 N 378-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

3. Дене шынықтыру саласындағы мемлекеттік бақылау тексеру нысанында және өзге де нысандарда жүзеге асырылады.

4. Тексеру "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады. Мемлекеттік бақылаудың өзге де нысандары осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 24-2-баппен толықтырылды - ҚР 2006.01.31 N 125 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), өзгерту енгізілді - ҚР 2009.07.17 N 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2011.01.06 N 378-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 2011.07.05 N 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

5-тарау. Дене шынықтыру мен спортты қаржыландыру, материалдық-техникалық жағынан және кадрлармен қамтамасыз ету

25-бап. Дене шынықтыру мен спортты қаржыландыру көздері

1. Дене шынықтыруды және спортты қаржыландыру бюджет қаражаты және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен жүзеге асырылады.

2 . < * >

3 . < * >

4. <*>

5. Халықаралық жарыстарға әзірлену кезеңінде және оларға қатысу кезінде Қазақстан Республикасының құрама командаларының мүшелері тегін медициналық қызмет көрсетумен және емдеумен қамтамасыз етіледі.

6. Алып тасталды - ҚР-ның 2009.07.10. N 181-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

Ескерту. 25-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2009.07.10. N 181-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

26-бап. Дене шынықтыру мен спорт саласындағы демеушілік және кәсіпкерлік қызмет

1. Бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын ұйымдардан басқа, жеке және заңды тұлғалар дене шынықтыру-спорт ұйымдарының, командаларының немесе спорт шараларының демеушілері бола алады. Демеушілер мен дене шынықтыру-спорт ұйымдары, командалар, шараларды ұйымдастырушылар)

арасындағы қатынастар шарт негізінде белгіленеді. Демеушілер спорт шараларын қаржыландыра отырып, оларды демеушілердің немесе олардың өнімдерінің белгісімен (эмблемасымен) өткізу құқығына ие болады.

2. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жеке және заңды тұлғалар дене шынықтыру-спорт ұйымдарына және жеке адамдарға қызмет көрсету бойынша кәсіпкерлік қызметпен шұғылдануы, дене шынықтыру-спорт тауарлары мен ілеспе тауарлар шығаруы, дене шынықтыру мен спортты жарнама қызметіне пайдалануы мүмкін. Дене шынықтыру-спорт ұйымдарының, спорт түрлері бойынша қоғамдық бірлестіктердің эмблемалары мен атаулы нышандары олардың меншігі болып табылады және олардың келісімімен ғана пайдаланылуы мүмкін.

3. Мемлекет материалдық-спорт базасын кеңейту, сондай-ақ спортшыларды, осы саланың мамандарын, дене шынықтыру-спорт қызметінің басқа да субъектілерін моральдық және материалдық жағынан көтермелеу арқылы дене шынықтыру мен спортты дамытуды ынталандырып отырады.

Ескерту. 26-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2009.07.10. N 181-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

27-бап. Спорт ғимараттары

1. Дене шынықтыру мен спорттың материалдық базасы әлеуметтік инфрақұрылым объектілеріне жататын дене шынықтыру-сауықтыру және спорт ғимараттарының барлық түрлерінен құралады.

2. Спорт ғимараттары орналасатын аумақтарды құзыретті мемлекеттік органдар аталған ғимараттарды болашақта салуға арналған жерлерді ағымдағы игеру және келешекте резервте ұстау үшін нормативтік бөлу арқылы а й қ ы н д а й д ы .

Тұрғын үй аудандарының спорт ғимараттарымен қамтамасыз етілу нормативтері Қазақстан Республикасының заң актілеріне сәйкес белгіленеді.

3. Қамтамасыз ету нормативтерінде, құрылыс нормалары мен ережелерінде көзделген спорт ғимараттарынсыз тұрғын үйлер алабын, әкімшілік, мектепке дейінгі мекемелер мен оқу орындарының үйлерін салуға жол берілмейді.

4. Мемлекеттік меншіктегі дене шынықтыру-сауықтыру, спорт және спорттық-техникалық ғимараттарды, соларға тең дене шынықтыру-сауықтыру, спорт және спорттық-техникалық ғимараттарын құрмай жоюға, олардың нысаналы және функционалдық мақсаттарын өзгертуге жол берілмейді.

Ескерту. 27-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.07.10 N 181-IV(қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2012.04.27 N 15-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

28-бап. Дене шынықтыру мен спорт саласында мамандар даярлау және дене шынықтыру мен спорт қызметкерлеріне қойылатын кәсіби талаптар

1. Дене шынықтыру оқу орындарында және дене тәрбиесі факультеттерінде оқыту, Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Дене шынықтыру мен спорт жөніндегі педагогтік қызметке жоғары немесе орта білімнен кейінгі білімі бар адамдар жіберіледі.

3. Дене шынықтыру мен спорт қызметкерлеріне қойылатын кәсіби талаптар заңдарда белгіленген тәртіппен бекітілетін арнаулы біліктілік нормаларымен анықталады.

4. Спорт жарыстары мен бұқаралық спорт шараларының төрешілігіне дене шынықтыру-спорт ұйымдарында арнайы даярлықтан өткен және белгіленген тәртіппен спорт түрлерінің төрешісі ретінде аттестатталған адамдар жіберіледі.

Ескерту. 28-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2007.07.27. N 320 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

6-тарау. Дене шынықтыру мен спорт саласындағы жеңілдіктер және әлеуметтік кепілдіктер

29-бап. Дене шынықтыру саласындағы жеңілдікпен көрсетілетін қызметтер

Дене шынықтыру-сауықтыру қызметтерін тегін немесе жеңілдікті жағдайларда пайдаланатын азаматтар санаттарының тізбесі, сондай-ақ жеңілдіктердің мөлшері Қазақстан Республикасының заңдарымен, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының және дене шынықтыру-спорт ұйымдары әкімшіліктерінің шешімімен белгіленеді.

Ескерту. 29-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2009.07.10. N 181-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

30-бап. Спортшылардың әлеуметтік қорғалуы

1. Дене шынықтыру және спорт жөніндегі уәкілетті орган, спорт түрлері бойынша қоғамдық бірлестіктер, жергілікті атқарушы органдар әралуан спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасының құрама командалары құрамына кірген немесе кіретін "КСРО-ның еңбек сіңірген спорт шебері", "Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт шебері", "КСРО-ның халықаралық дәрежедегі спорт шебері", "Қазақстан Республикасының халықаралық дәрежедегі спорт шебері" атағы бар аса көрнекті спортшыларға - олимпиада чемпиондарына, әлем чемпиондарына, олардың "Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы"

немесе "КСРО-ның еңбек сіңірген жаттықтырушысы" атағы бар жаттықтырушыларына тиісті бюджеттер, сондай-ақ заңда тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен ай сайын ақшалай қаржы төлей алады.

2. Дене шынықтыру және спорт жөніндегі уәкілетті орган, дене шынықтыру-спорт бірлестіктері, жергілікті атқарушы органдар әралуан спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының құрамына кіретін спортшыларға, олардың жаттықтырушыларына, сондай-ақ спорттың ойын түрлері бойынша командалар құрамында өнер көрсететін спортшыларға, олардың жаттықтырушылары мен клуб командаларының басшыларына тиісті бюджеттер, сондай-ақ дене шынықтыру-спорт ұйымдарының қаражаты және заңда тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен ай сайын ақшалай қаржы төлей алады.

2-1. Дене шынықтыру және спорт жөніндегі уәкілетті орган спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының мүшелеріне олар республикалық жарыстарда жарақат алған және мертіккен жағдайда бюджет қаражаты есебінен өтемақы төлеуді жүзеге асырады.

3. Спортшының бір дене шынықтыру-спорт ұйымынан, дене шынықтыру-спорт қоғамынан (спорт клубынан) басқа дене шынықтыру-спорт ұйымына, дене шынықтыру-спорт қоғамына (спорт клубына) немесе шетелдік дене шынықтыру-спорт ұйымына (шетелдік спорт клубына) дене шынықтыру-спорт ұйымдарының, дене шынықтыру-спорт қоғамдарының (спорт клубтарының) өзара келісімімен ауысуға құқығы бар.

4 . < * >

Ескерту. 30-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2003.07.04. N 471 (2004 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі), 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2009.07.10. N 181-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

30-1-бап. Еңбек сіңірген спортшылар мен жаттықтырушыларды мемлекеттік

әлеуметтік қолдау

1. Мемлекет спортшыларға, жаттықтырушыларға ай сайынғы материалдық қамсыздандыру (бұдан әрі - материалдық қамсыздандыру) түрінде өмірлік әлеуметтік қолдау жасайды, ол осы бапқа сәйкес төлемдер алуға құқығы бар спортшылар мен жаттықтырушыларға берілетін ай сайынғы төлемдер болып табылады.

2. Спорттың олимпиадалық түрлері бойынша Қазақстан Республикасының құрама командаларының және (немесе) КСРО құрама командаларының

құрамында болған және кемінде жиырма жыл еңбек стажы бар спортшыларға, жаттықтырушыларға материалдық қамсыздандыру Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен төленеді және мынадай мөлшерде тағайындалады:

1) Олимпиадалық ойындардың чемпиондары және (немесе) жүлдегерлері және (немесе) спорттың олимпиадалық түрлері бойынша әлем чемпиондары атақтарын жеңіп алғандарға және "КСРО-ның еңбек сіңірген спорт шебері" және (немесе) "Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген спорт шебері" атағы барларға - 24 айлық есептік көрсеткіш;

2) "Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы" және (немесе) "КСРО-ның еңбек сіңірген жаттықтырушысы" атағы бар және осы тармақтың 1) тармақшасында белгіленген спортшыларды даярлағандарға - 24 айлық есептік көрсеткіш .

3. <*>

4. Осы баптың 2-тармағында белгіленген бірнеше негіздер бойынша материалдық қамсыздандыру алуға бір мезгілде құқығы бар адамдарға материалдық қамсыздандыру олардың қалауы бойынша сол негіздердің біреуі бойынша ғана төленеді .

Ескерту. Жаңа 30-1-баппен толықтырылды - ҚР 2003.07.04 N 471 Заңымен (2004 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі), өзгеріс енгізілді - 2004.12.20 N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2009.12.02 N 211-IV (2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

31-бап. Спортшыларды сақтандыру

Жарыстар, жаттығулар мен жиындар кезінде спортшыларды жазатайым оқиғалардан сақтандыру тиісті дене шынықтыру-спорт ұйымдарының, дене шынықтыру-спорт қоғамдарының (спорт клубтарының) және басқа да мүдделі заңды тұлғалардың қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Дене шынықтыру және спорт жөніндегі уәкілетті орган спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы ұлттық құрама командаларының мүшелерін ресми халықаралық жарыстарға даярлау және қатысу кезінде бюджет қаражаты есебінен сақтандыруды жүзеге асырады.

Ескерту. 31-бап жаңа редакцияда - Қазақстан Республикасының 2003.07.04. N 471 (2004 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі), өзгеріс енгізілді - 2004.12.20. N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2009.07.10. N 181-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңдарымен.

7-тарау. Дене шынықтыру мен спорт саласындағы халықаралық қызмет

32-бап. Халықаралық спорт қызметі

Қазақстан Республикасының дене шынықтыру-спорт ұйымдары мен спортшыларының жарыстар ережелерін және тиісті халықаралық ұйымдардың жарғыларын сақтай отырып, мемлекет аумағында да, басқа елдерде де өткізілетін халықаралық спорт шараларына қатысуға құқығы бар.

Ескерту. 32-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР-ның 2009.07.10. N 181-IV(қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

33-бап. Қазақстан Республикасының Ұлттық олимпиадалық комитеті

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық олимпиадалық комитеті:

Қазақстан Республикасында олимпиадалық қозғалысты дамыту үшін құрылған қоғамдық бірлестік болып табылады және өз қызметін осы Заңға, Қазақстан Республикасының қоғамдық бірлестіктер туралы заңдарына және Олимпиадалық хартияға сәйкес жүзеге асырады;

Халықаралық олимпиадалық комитетте Қазақстан Республикасының атынан ө к і л д і к е т е д і ;

дене шынықтыру және спорт жөніндегі уәкілетті органмен өзара іс-қимыл жасау кезінде жоғары жетістіктер спортын дамытудың бірыңғай саясатын жү р г і з е д і ;

дене шынықтыру және спорт жөніндегі уәкілетті органмен келісе, спорт түрлері бойынша республикалық қоғамдық бірлестіктермен, жергілікті атқарушы органдармен өзара іс-қимыл жасай отырып, Олимпиада, Азия ойындарына және Халықаралық олимпиадалық комитет өткізетін басқа да халықаралық спорт шараларына қатысу үшін спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасының ұлттық құрама командаларын құру мен қамтамасыз етуді үйлестіреді;

өзінің қаржыландыру көздері есебінен өз алдында тұрған жарғылық міндеттерді орындауды іске асырады;

Олимпиадалық хартияға сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында халықаралық олимпиадалық комитеттің олимпиадалық нышандарын, ұранын, туын, әнұранын, "Олимпиадалық", "Олимпиада" деген атауларын пайдалануға меншік құқықтарын қорғау жөніндегі шараларды жүзеге асырады.

2. Олимпиада, Азия ойындарында және Халықаралық олимпиадалық комитеттің қамқорлығы аясында өткізілетін басқа да халықаралық спорт шараларында Қазақстан Республикасы ұлттық құрама командаларының өнер көрсетуі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы астында жүзеге а с ы р ы л а д ы .

Ескерту. 33-бап жаңа редакцияда - ҚР 2003.07.04. N 471 Заңымен, өзгеріс енгізілді - ҚР 2009.07.10. N 181-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 2012.04.27 N 15-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

34-бап. Қазақстан Республикасының дене шынықтыру және спорт туралы заңдарын бұзғаны үшін жауаптылық

Қазақстан Республикасының дене шынықтыру және спорт туралы заңдарын бұзуға кінәлі жеке және заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңдарына с ә й к е с ж а у а п т ы б о л а д ы .

Ескерту. 7-тарау 34-баппен толықтырылды - ҚР 2003.07.04 N 471 Заңымен.

Қазақстан Республикасының

Президенті